

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

докторант Төлеу Есбол Тынысбекұлының 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мегаполис жағдайындағы кардиология орталығының жұмысын оңтайландыру» атты диссертациялық жұмысына

Төлеу Е.Т. диссертациялық жұмысында денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін жетілдіру және медициналық көмектің сапасы мен пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында стандарттау жүйесін енгізу және оның тиімділігін бағалау бойынша кешенді зерттеу жүргізілген.

Автор зерттеліп отырған мәселе бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге терең талдамалық шолу жасап, ғылыми тұрғыдан негізделген зерттеу дизайнын әзірлеген. Зерттеу барысында сауалнама, статистикалық талдау және салыстырмалы әдістер тиімді пайдаланылған. Стационар қызметкерлері мен пациенттер арасында қанағаттанушылық пен қауіпсіздік мәдениетін бағалау мақсатында кен ауқымды сауалнама жүргізілген.

Төлеу Есбол Тынысбекұлы зерттеу жұмысының барлық кезеңдерінде - мақсат пен міндеттерді тұжырымдаудан бастап нәтижелерді өңдеу мен қорытынды жасауға дейін - жоғары деңгейдегі дербестік, зерттеушілік қабілет пен жауапкершілік танытқан.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы - алғаш рет Қазақстан жағдайында денсаулық сақтау ұйымының (Қалалық кардиологиялық орталықтың) қызметін стандарттау жүйесі негізінде оңтайландырудың нәтижелері ұсынылған. Зерттеу барысында медициналық қызмет сапасының негізгі көрсеткіштері: өлім-жітім, асқынулар, апелляциялар, сыртқы сараптама нәтижелері және пациенттердің қанағаттанушылығы бағаланған. Сонымен қатар, қауіпсіздік мәдениеті элементтерінің сақталуы мен инциденттерге талдау алғаш рет жүйелі түрде жүргізілген.

Зерттеу нәтижелері практикалық денсаулық сақтаудағы басқару шешімдерін жетілдіруге, сапа менеджменті жүйесін нығайтуға және пациенттердің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Автор диссертациялық жұмыс бойынша 19 ғылыми еңбек жарияланған, олардың ішінде: 3 мақала – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда; 3 мақала – Scopus және Web of Science дерекқорларына енгізілген рецензияланатын журналдарда; 10 баяндама – халықаралық ғылыми конференциялар материалдар жинақтарында; 1 әдістемелік ұсыным «Мегаполисте кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару» тақырыбында; 2 авторлық куәлік алынған. Төлеу Е.Т.-ның диссертациялық жұмысы өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен және тәжірибиелік маңыздылығымен ерекшеленеді, мазмұны мен көлемі жағынан диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші,  
С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ  
«Қоғамдық денсаулық сақтау»  
кафедрасының профессоры



Нұрбақыт А.Н.